


## Қызылша



**Қызылша** – өте жұқпалы вирустық ауру, адамнан адамға ауа-тамшылы жолмен тез таралады

**Қоздырғышы** сыртқы ортада тұрақсыз, жабық ұжымдарда (балабақша, мектеп) тез жұғады.

**Негізгі белгілері:** дене қызуының 38–40°C дейін көтерілуі, қатты әлсіздік, бас ауыру, құрғақ жөтел, мұрыннан су ағу, көздің қызаруы, жас ағу, жарыққа сезімталдық, ауыз қуысының шырышты қабатында Филатов-Коплик дақтарының пайда болуы, терідегі бөртпенің алдымен бетте, кейін денеге таралуы.

**Жұғу жолы:** ауа-тамшылы (жөтелу, түшкіру, сөйлесу арқылы), асқынулары: пневмония, отит, энцефалит, иммунитеттің төмендеуі.

**Алдын алу шаралары:** вакцинация, науқасты уақытында оқшаулау, санитарлық режимді күшейту, бөлмені желдету және ылғалды тазалау, балабақша жағдайында: күдікті баланы дереу оқшаулау, медициналық мекемеге хабарлау, байланыста болған балаларды бақылауға алу.